



**ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ БІЛІМ ЖӘНЕ ҒЫЛЫМ  
МИНИСТРЛІГІ**

**Л.Н. ГУМИЛЕВ АТЫНДАҒЫ ЕУРАЗИЯ ҰЛТТЫҚ  
УНИВЕРСИТЕТІ**

**«Әлеуметтік жұмыс тәжірибесіне кейс-менеджмент  
стандарттарын енгізу мәселелері»**

**атты on-line ғылыми-тәжірибелік конференциясының  
БАЯНДАМАЛАР ЖИНАҒЫ**

**СБОРНИК МАТЕРИАЛОВ**

**On-line научной конференции**

**«Проблемы внедрения стандартов кейс-менеджмента в  
практику социальной работы»**

**PROCEEDINGS**

**On-line Scientific Conference**

**for students and young scholars**

**«Issues of implementation of standards and case  
management in social work experience»**

2019 жыл 11 сәуір

Нұр-Сұлтан

УДК 364

ББК 65.272

Ә 53

«Әлеуметтік жұмыс тәжірибіесіне кейс-менеджмент стандарттарын енгізу мәселелері» On-line ғылыми-тәжірибелік конференциясы

Международная научно-практическая On-line конференция: «Проблемы внедрения стандартов кейс-менеджмента в практику социальной работы»

On-line scientific-practical conference on «Issues of implementation of standards and case management in social work experience». <http://www.enu.kz/ru/nauka/nauka-i-obrazovanie/>, 2019. – 7513 стр. (қазақша, орысша, ағылшынша).

В сборнике представлены доклады преподавателей, магистрантов, докторантов, молодых ученых и студентов по актуальным вопросам профессиональной подготовки обучающихся по социальной работе в аспекте проблем внедрения стандартов кейс-менеджмента в практику социальной работы.

Для преподавателей и студентов по направлению подготовки «Социальная работа», практиков социальной защиты, а также всех интересующихся современными проблемами подготовки кадров высшей школы.

**Редакционная коллегия:**

Отар Эльмира Сәкенқызы - доктор PhD, и.о.доцента, заведующий кафедры «Социология» ЕНУ им.Л.Н.Гумилева

Урузбаева Гаухар Тлеубердыевна - к.пед.н., доцент, и.о.профессора кафедры «Социология» ЕНУ им.Л.Н.Гумилева

Есимова Динара Габиболлаевна - доктор PhD, и.о.доцента кафедры «Социология» ЕНУ им.Л.Н.Гумилева

Исаханова Асель Алимахановна - доктор PhD, старший преподаватель кафедрой «Социология» ЕНУ им.Л.Н.Гумилева

Исахова Гулазия Дуйсенхановна – магистр, старший преподаватель кафедрой «Социология» ЕНУ им.Л.Н.Гумилева

Досмурзаева Динара Онгаровна – магистр, старший преподаватель кафедры «Социология» ЕНУ им.Л.Н.Гумилева

Манжугулова Айгерим Ерлановна – магистр, старший преподаватель кафедры «Социология» ЕНУ им.Л.Н.Гумилева

Капин Батина -магистр, старший преподаватель кафедры «Социология» ЕНУ им.Л.Н.Гумилева

Аубакирова Аягыз Каиртайевна - магистр, преподаватель кафедры «Социология» ЕНУ им.Л.Н.Гумилева

Шанбаева Гульназ Нурдыгуловна - магистр, преподаватель кафедры «Социология» ЕНУ им.Л.Н.Гумилева

**«Әлеуметтік жұмыс» мамандығы бойынша ОӘБ РОӘЖ. УМО РУМС по специальности «Социальная работа» . 6В10-7М10-7R10-8D09 Здравоохранение и социальное обеспечение (Медицина). 102- Социальное обеспечение.**

## МАЗМҰН

1. **Умирзакова М.А., Бауыржан С.**  
Өмірдің қиын жағдайына түскен отбасы балаларына әлеуметтік қызмет көрсету .....5
2. **Зәкіртай Ұ.Н.**  
Әлеуметтік мекемелердегі қарттардың тынығу ерекшеліктері.....9
3. **Кажығалиева А.Б.**  
Балаларға арналған сенім телефоны әлеуметтік жұмыстың формасы ретінде.....13
4. **Қалдышева Т.Ж., Абдрашева Б.Ж., Сәрсен А.С.**  
Халықтың осал топтары арасында АИТВ инфекциясының таралуының алдын-алу бағдарламаларын жүзеге асыратын мекемелердегі әлеуметтік жұмыстың кейс-менеджменті.....19
5. **Қуатова А.С.**  
Еріктілер қызметі қоғамның әлеуметтік мәселелерін шешуге бағытталған қызмет ретінде.....24
6. **Нұрғабден Б.М.**  
Әлеуметтік қызметкердің лауазымдық нұсқаулығын құқықтық қатынастар негізінде жетілдіру қажеттілігі: ғылыми контекст.....30
7. **Умирзакова М.А.**  
Халықтың әлеуметтік жағдайын жақсартуда отбаслық бизнесті дамыту жолдары.....35
8. **Абетова З.Т.**  
Инновации в образовании: социальные ожидания, установки студенческой молодежи.....42
9. **Асет Л.Е.**  
Кейс-менеджмент на уровне первичной медико санитарной помощи.....50
10. **Әбдікерова Г.О.**  
Әлеуметтік жұмыстың медико-әлеуметтік аспектілері.....54
11. **Уашева А. К., Құрақ Б. Ә.**  
Психикалық денсаулығында ауытқушылықтары бар адамдарды әлеуметтік-психологиялық оналту.....60

<b>12. Асет Л.Е.</b> Неблагополученная семья и проблемы внутрисемейных отношений.....	67
<b>13. Әлмұрат Д.Қ.</b> Интернеттің жастар психологиясына және өмір сүру салтына әсерін анықтау.....	80
<b>14. Байғабылов Н.О.; Мұсабаева А.Б.</b> Репатрианттармен әлеуметтік жұмыс жасау қажеттілігі бүгінгі күні талабы.....	86
<b>15. Берикболова У.Д.</b> Дисфункционалды отбасы: пайда болу себептері, ерекшеліктері, әлеуметтік қорғау шаралары.....	91
<b>16. Жандуллаев Ж. Т., Кәмен Д. Қ.</b> Әлеуметтік геронтология әлеуметтік жұмыстың бір бағыты ретінде.....	98
<b>17. Жұмабек С.</b> Қалалық көше жарнамасындағы мәселелерді және оны шешу шараларын талдау.....	102
<b>18. Коняхина А.А.</b> Профликатика социального сиротства: основные подходы.....	106
<b>19. Урузбаева Г.Т., Аубакирова А.К., Сатаева С.Х.</b> Модель технологии кейс-менеджмента в работе с лицами, страдающими от ожирения.....	111
<b>20. Урузбаева Г.Т.; Карим Ж.; Аубакирова А.К.</b> Учебно-методические основы обучения анализу кейс студентов будущих социальных работников.....	117
<b>21. Шингизбаева М. Н.</b> Балама жазалардың түрлері заңнаманы ізгілендіру тәсілі ретінде... ..	122
<b>22. Смагамбет. Б.Ж.</b> Қамқорлық – заманауи әлеуметтанудың объектісі.....	127
<b>23. Исахова Г.Д.</b> Қазақстандағы ажырасудың әлеуметтік экономикалық салдары: балаларға алимент төлеу бойынша мәселелер.....	131
<b>24. Исаханова А.А., Даулетова Д.М.</b> Социальная реклама в современных реалиях.....	136
<b>25. Урузбаева Г.Т., Аубакирова А.К., Аралбай А.А.</b> Технология CASE WORK как исследование идентификации клиента.....	140
<b>26. Аширбаева Ф.М.</b> Қазіргі заманғы көші қон мәселелері.....	145
<b>27. Отар Э.С.</b> Адаптация среднего класса Казахстана к постсоциалистической действительности.....	150

заттарды қолданудың алдын алу жөніндегі тренингтік сабақтар өткізу маңызды болып табылады. Есірткіге тәуелділіктің алдын алудың басты ерекшелігі — жасөспірімдерге ПБЗ қолданудың медициналық салдарымен қатар әлеуметтік салдарын түсіндіру. Сабақтарда оның медициналық салдарын айтып қорқытпайды, зиянды әдеттерге тәуелді болмау туралы уәде де алмайды. Мұнда «тайғақ» жолды таңдауға шешім қабылдаған адамдардың әлеуметтік мәселелері туралы сөз болады, ол жерде әр бала шешім қабылдайды және өз болашағын құрады. Осы сабақтар аясында «Мен ... қарсымын» акциялары, суреттер, плакаттар, насихаттау бригадаларының конкурстары бірнеше мәрте өткізіледі.

Қорыта айтқанда, өмірдің қиын жағдайына түскен отбасы балаларына әлеуметтік қызмет көрсетуді тиімді ұйымдастыру жасөспірімдермен консультациялық, әдістемелік және психологиялық-ағарту жұмыстарын өткізуге, түлектерге жетекшілік ету, бейімделу деңгейі анықтау, балалар үйінен кейінгі сүйемелдеуді жүзеге асыруға, бейімделу машықтарын, өзіне деген оң көзқарасын, коммуникативтілікті, тұлғалық рефлексияны қалыптастыруға өз үлесін қосады.

#### ПАЙДАЛАНЫЛҒАН ӘДЕБИЕТТЕР ТІЗІМІ

1. [www.enbek.gov.kz](http://www.enbek.gov.kz)

2. Мудрик А.В. Введение в социальную педагогику. — М.1999. — С 12

3. Корчак Я. Воспитание личности: Кн. Для учителя М. : 1992.-287 с. стр51.

4. <http://adilet.zan.kz/kaz/>

### ӘЛЕУМЕТТІК МЕКЕМЕЛЕРДЕГІ ҚАРТТАРДЫҢ ТЫНЫҒУ ЕРЕКШЕЛІКТЕРІ

**Зәкіртай Ұ.Н.**

Л.Н.Гумилев атындағы ЕҰУ,

Әлеуметтік жұмыс мамандығының 4 курс студенті,

**Досмурзаева Д.О.**

әлеуметтану кафедрасының  
аға оқытушысының жетекшілігімен

Соңғы онжылдықта әлемнің дамыған елдерінде байқалатын үрдістердің бірі – қарт адамдардың абсолют саны мен халықтың салыстырмалы тұрғыдағы үлесінің өскені. Халықтың жалпы санынан балалар мен жастардың саны азайып, қарттар санының артуының үздіксіз және жылдам үдерісі байқалуда.

Халықтың қартаюының негізгі себептері — халықтың туу деңгейінің төмендеуі, халықтың өмір сүру деңгейінің өсуі мен медицинадағы прогрестің

арқасында аға буын жас топтарға жататын тұлғалардың өмір сүру ұзақтығының өсуі. Экономикалық ынтымақтастық және даму ұйымы елдерінде 30 жыл ішінде ер адамдардың жасы орта есеппен алғанда 6 жылға, әйелдердің жасы 6,5 жылға ұзарған.

Қарттар қатарына түрлі адамдарды қосуға болады – денсаулығы мықты және шымырлардан түрлі ауруларға шалдыққан қарияларға дейін, олардың әлеуметтік жағдайдағылары, білім деңгейі, мамандықтары мен қызығушылықтары да әртүрлі болады. Олардың көпшілігі жұмыс істемейді, қартаюына байланысты зейнетақы алады. Қарттардың өмір сүру жағдайы, ең алдымен, олардың денсаулығымен белгіленеді. Денсаулық жағдайының көрсеткіші ретінде өзін-өзі бағалау кеңінен пайдаланылады. Жеке топтар мен жеке тұлғалардың қартаю процесі әртүрлі өтуіне байланысты, өзін-өзі бағалаудың да айырмашылығы үлкен.

Денсаулық жағдайының тағы бір көрсеткіші – ол белсенді өмір. Өмір белсенділігі созылмалы ауруларға, есту, көру қабілеттерінің төмендеуіне, ортопедиялық проблемаларға байланысты төмендейді. Қарттардың сырқаттану деңгейі жастарға қарағанда 6 есе жоғары.

Қарттармен жұмыстың басымды бағыты – қарт адамның өмір сүру ортасын осы ортамен қарым-қатынасын орнату амалдарын өзі таңдай алатын етіп ұйымдастыру. Таңдау бостандығы олардың қорғалатындығы туралы әсерді, ертеңгі күнге сенімділікті, өзінің және өзгенің өміріне жауапкершілікті туындатады.

Кей жағдайда біз қарт адамдарға көбірек көмектескен сайын, олардың тиімді, кәсіби көмек алуының мүмкіндігі азая түсетіні парадоксқа айналады, себебі көмектесуге деген қатты құштарлық, ақырында қарт адамның проблемаларын, оның тағдырын шешу жауапкершілігін өз мойнына алу дегенді білдіреді. Бұл кәсіби тұрғыдан алғанда, эгоцентризмнің пайдалануға келмейтін формасы. Қарт адам, әлеуметтік қызметтің клиенті бола тұра, ол – субъект, яғни шешім қабылдай алатын тұлға екендігін ұмытпаған жөн.

Қазақстан Республикасының статистикалық комитетінің ресми ақпаратына сүйенсек, қазіргі таңда Қазақстанда халыққа әлеуметтік қызмет көрсету жүйесінде қарттар мен мүгедектерге арналған 100-ге жуық әлеуметтік мекеме жұмыс жасайтын болса, ондағы тұрғындар саны 19230-ға тең. Нұр-сұлтан қаласында қарттарға арналған әлеуметтік мекемелердің мынандай түрлері жұмыс жасайды: Нұр-Сұлтан қаласы әкімдігінің «Шарапат әлеуметтік қызмет көрсету орталығы», Малотимофевка селосында орналасқан «Арнайы әлеуметтік көмек көрсету орталығы, ақыл кемістігі бар қарттарға арналған «Асыл Ниет Астана» интернат-үйі және «Мейірім» мейірбикелік күтім пансионаты.

Статистикалық мәліметтер бойынша интернат-үйлерде тұратын адамдардың 88% психикалық патологиялардан зардап шегеді; 67,9%-да қозғалу белсенділігінің шектелуі байқалады және олар үнемі көмекке мұқтаж; 62,3% өздеріне жарым-жартылай да қызмет көрсете алмайды, ал мұндай көрсеткіш осы мекемелерге түскендердің арасында 70,2%-ға жетеді.

Қарт адамдар арасында кеңінен тараған аурулар – қан айналымы органдарының ауруы мен сүйек - бұлшықеттің ауруы.

Тәжірибе көрсеткендей, қарттар мен мүгедектерге арналған интернат-үйлерде медициналық қызмет көрсету қамтамасыз етіледі, оналту мақсаттағы бір қатар іс-шаралар іске асырылады: еңбек терапиясы мен еңбекпен қамту, демалыс ұйымдастыру, т.б.. Мұнда қарт адамдардың жаңа жағдайларға әлеуметтік- психологиялық бейімделуі бойынша, соның ішінде интернат-үй, осында тұратын адмдар мен жаңадан түскендер туралы, мұнда көрсетілетін қызметтер мен медициналық және де басқа кабинеттердің орналасу орны жайында және т.б ақпараттандыру жұмысы жүргізіледі. Осында түскен қарттардың мінез-құлқысының, әдеттерінің, қызығушылықтарының ерекшеліктері, олардың шамасына қарай еңбекпен қамту, бос уақыттарын ұйымдастырудағы сұраныстары және с.с. қажеттіліктер зерттеледі. Мұның барлығы қалыпты моральдық-психологиялық ахуалды, әсіресе, адамдарды тұрақты тұрғылықты тұруға қабылдағанда және жанжал-тартысты жағдайды тудырмас үшін маңызды роль атқарады.

Интернат-үйлерде тұратындардың бос уақытының көбірек үлесін теледидар алдында өткізетіні барлағымызға мәлім. Олар үшін теледидар туған қаласы, болып жатқан оқиғалардан хабардар болудың негізгі, кей жағдайда, жалғыз ғана ақпараттық көзі. Сондай-ақ, қарт адамдар үшін теледидар алдында күнделікті кездесулер олардың қалыпты қызығушылықтарының шағын шеңберінен шығып, айналадағы қоршаған ортамен жанасу аймағын кеңейтуге, сыртқы дүниенің тіршілігімен танысу себебіне мүмкіндік береді.

Тұлға тоқырауын болдырмас мақсатында төмендегі шама жетерлік әрекеттерді құрайтын вариативтік тынығу модулін пайдалануға болады:

- жеке немесе бірлесіп ән айту;
- ағартушылық сипаттағы лекциялар;
- үстел үстіндегі ойындар;
- қол өнері (жеке);
- сурет салу;
- шама жетерлік қолдан бұйымдар жасау.

Көптеген бағдарламалар тек музыка негізінде құрылуы мүмкін: би кештері, «музыкалық кештер», музыкалық аспаптарда ойнау, ән айту, дене шынықтыру жаттығуларын орындау, киім тігу үлгілерін көрсету, сұраныс бойынша концерттер.

Тынығу бағдарламаларына барлық сезу органдарының мүмкіндіктерін пайдалану қажет. Мысалы, бағдарламаларды көркемдеп әзірлеуде ашық бояуларды қолдану керек, жарық түстер жағымды көңіл-күйді қалыптастырады. Тынығу бағдарламаның жетістігінің айтарлықтай үлесін шара ұйымдастырылатын орынның безендіруі қамтамасыз етеді, ол көрерменнің болып жатқан шара атмосферасына бірден еніп кетуіне ықпал етеді.

Достық қарым-қатынас та тынығу жұмысын жүргізуде үлкен көмегін тигізеді. Дос (құрбы) өзі айналысатын іс-әрекетке енжар қарт адамды тартуға

әрдайым көмектеседі. Дегенмен, егер белсенділік танытқысы келмейтін адамның өмірге деген жалпы ықыласы негативті болса, оған қарсы ештеңе жасай алмайсың. Бұл тұста көмекке психологтің оңалту жұмысы келу керек.

Көптеген мекемелердің жұмыс тәжірибесі қария жастағы азаматтардың әлеуметтік ахуалының жақсартуда, олардың ортасындағы психологиялық шиеленісті төмендетуде өткен онжылдықтарда шығарылған, осы қарттардың жастық және ер жете бастаған шағы туралы ностальгиялық кино фестивалін ұйымдастыру оңтайлы нәтижені береді.

Интернаттық мекемелерде қарт адамдарға арналған бос уақытты спорттық-сауықтыру сипаттағы әдістерді қолдана отырып, денсаулықты сақтауға бағытталған іс-шаралар өткізу пайдалы. Оларға ағартушылық бағдарламалар, спорттық бөлмелерде сауықтыру шараларын, спартакиадалар, жарыстар, серуендеулер, экологиялық экскурсиялар, тренингтер, гипноздық ұйқы, медитациялар өткізу жатады

Мекеменің өзінде тынығу іс-шаралар «қарт адам - қарт адам», «қар адам - маман», «қарт адам – ұжым, топ», «қарт адам – жас адам», «қарт адам – мәдениет және өнер құралдары», «қарт адам – табиғат» сияқты қарым-қатынас механизмдері арқылы іске асырылады. Бұл механизмдер іс-шараларды өткізгенде, үйірмелерді жүргізгенде, тілдескенде іске асырылады. Мекемеден тыс жерде өткізуге қарастырылған механизмдер келесі қарым-қатынастарды құрайды: «қарт адам - мекеме», «қар адам – мәдениет мекемелері», «қарт адам – мемлекет, қоғам», «қарт адам – қоғамдық ұйымдар», «қарт адам – табиғат», «қарт адам – дін». Мұндай механизмдер концерттік іс-шараларды өткізгенде, еңбек еткенде, қоғамдық жұмыс атқарғанда іске асырылады. Осы моделдер өзара кіріктірілсе, бірлескен үдерістер іске асырылады. Сонда қарт адам өзін барлығы ұмытқан, жалғыз қалған адам ретінде емес, қоғамның толыққанды бір бөлігі ретінде сезінеді.

Қарт адамдардың, әлеуметте болсын, интернат жағдайында тұрсын, қазіргі таңдағы өте көкейтесті проблемаларының бірі туған-туыстарымен, достарымен, жас ұрпақтарымен тілдесудің жетіспеушілігі. Бұл проблеманың шешудің бір құралы – ол мекеменің өзінде немесе одан тыс жерде, әрекеттегі мәдениет мекемелерінің негізінде (филармония, кітапхана, мұражай, мәдени-ақпараттық орталықтар, мәдениет үйлері және т.б.) бірлесіп арнайы қарт адамдар клубын құру болуы мүмкін. Бұл мекемелер түрлі құралдармен, ғаламтор байланысымен, жергілікті телестанциялар құрылғыларымен жабдықталғандықтан, қарт жастағы адамдарға мәдени, эстетикалық және де басқа білімдерін пайдалану мүмкіндіктерін кеңейтуге әбден жаңа ресурстар жасалады, яғни іс-әрекеттерге талпынып, өздігінен мәдени қажеттіліктерін белсендіреді. Тынығу бағдарламаларын ұйымдастыруда қарт адамның азаматтық көзқарасын белсендіру маңызды мағына береді. Мұндай мүмкіндікті, мысалы, мекеменің әлеуметтік маңызды акцияларға қатысуы береді: халық санағына, сайлауға, түрлі фестивальдарға, түрлі деңгейдегі бағдарламалар мен жобаларды әзірлеп іске асыруға қатысу.

Сонымен, толық жүйе ретіндегі тынықтыру әрекеттерінің тиімділігі көбінесе мекеменің қаржылық және материалдық базасы, ондағы бос



уақытты ұйымдастыру моделі, оның кадрлық, моральдік-психологиялық, ақпараттық-әдістемелік және әлеуметтік-демографиялық ресурстар сияқты факторларға байланысты. Интернат-үйлердегі тынығу шараларын ұйымдастырудың жетістігіне әкімшіліктің қолдауы, тұрғындардың өздерінің белсенділігі және мекеме бөлімдерінің өзара келісушілігі ықпал етеді.

#### ПАЙДАЛАНҒАН ӘДЕБИЕТТЕР ТІЗІМІ:

1. Холостова, Е. И. Социальная работа с пожилыми людьми [Электронный ресурс] : учебник для бакалавров / Е. И. Холостова. — Электрон. текстовые данные. — М. : Дашков и К, 2015. — 339 с.
2. Методы социальной работы в Великобритании. Информирование граждан пожилого возраста по вопросам социальных гарантий [Электронный ресурс] : учебное пособие / сост. Т. Д. Попкова, С. Е. Гасумова, Е. А. Гриценко. — Электрон. текстовые данные. — М. : Дашков и К, 2017. — 166 с.
3. Щукина Н.П., Гриценко Е.А. Свободный доступ пожилых людей к социальным услугам как теоретическая и практическая проблема / Отечественный журнал социальной работы. - 2005г. - № 1 с.29-33.
4. Щукина Н.П. Институт взаимопомощи в системе социальной поддержки пожилых людей. - М., 2004 - 235с
5. Краснова О.В. Практикум по работе с пожилыми людьми: опыт России и Великобритании. - М.: Принтер, 2001 - 231с.

#### БАЛАЛАРҒА АРНАЛҒАН СЕНІМ ТЕЛЕФОНЫ ӘЛЕУМЕТТІК ЖҰМЫСТЫҢ ФОРМАСЫ РЕТІНДЕ

**Кажғалиева А.Б.**

Л.Н.Гумилев атындағы ЕҰУ,

Әлеуметтік жұмыс мамандығының 4 курс студенті,

**Досмурзаева Д.О.**

әлеуметтану кафедрасының

аға оқытушысының жетекшілігімен

Қазіргі таңда қоғамдағы өзгерістердің қарқындылығының әсерінен көптеген жақсы өзгерістермен қоса күрделі мәселелер де туындайды. Көптеген гаджеттердің дамуына орай адамдар арасындағы коммуникация бәсеңдеді. Сол себепті адамдар анонимділікті одан да бетер сақтағысы келеді. Ал балаларға келелтін болсақ, олардың психикасы өзінің мәселесін жария етпеуді одан да бетер қалайды. Сенім телефонының қаншалықты тиімді, әрі маңызды екені осыдан байқалады.

Сенім телефоны дегеніміз әлеуметтік қызметтің бір түрі болып табылады. Белгілі бір мәселесі бар адамның білікті мамандармен телефон